Шымкент қаласы
«Жас-дарын-3 бастауыш
мектебі» ЖШС

город Шымкент
ТОО начальная школа
«Жас-Дарын-3»

Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы,
Абай ауданы, Темірлан тас жолы, №19/2 телім
БСН:211240001137

Республика Казахстан, г.Шымкент, Абайский р-н,
Трасса Темирлан, участок №19/2
БИН: 21124000113

**БҰЙРЫҚ**
**2024 жылдың «02» қыркүйек**
**Шымкент қаласы**

**ПРИКАЗ**
**№84**
**город Шымкент**

**«Өрт қауіпсіздігі» туралы**

Өрт қауіпсіздігін жақсарту мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Өрт қауіпсіздігіне жауапты етіп әкімшілік шаруашылық бөлімі бойынша директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары А.А.Альжанов тағайындалсын.
2. Мектепте өрт қауіпсіздігі туралы оқушылар мен әңгіме өткізу тәрбие жұмыстарының жоспарына сай барлық сынып жетекшілеріне міндеттелсін.
3. Өрт болған жағдайда мектепте басшы немесе өрт қауіпсіздігіне жауапты тұлға болмаған жағдайда оқушыларды эвакуациялау жұмыстары әкімшіліктің жауапты кезекшісіне жүктеледі.
4. Іс-шара өткізгенде, кештер, дискотекалар т.б. өткізгенде өрт қауіпсіздігін сақтау үшін өрт қауіпсіздігіне жауапты тұлға хабар берілсін. Іс-шараны өткізуден алдын-алу міндетті түрде тексеруден өткізілсін.
5. Мектепте өрт қауіпсіздігі туралы мәселелер оқу жылы барысында екі рет қаралсын (қыркүйек- ақпан айлары).
6. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

**Мектеп директоры:** **Ә.А.Рахымбаева**

Бұйрықпен таныстым: 03.09.25 ____ (күні) ____ (қолы) Ә. Альжанов (қолтаңбаның толық мәні)

# А Н Ы Қ Т А М А.

**«Жас-Дарын 3» бастауыш мектебі оқушыларына жер сілкінісі және оның сақтық шаралары жайлы ақпараттандыру жиналысы**

12.10.2023ж

**Жиналыс максаты:**

Оқушыларға табиғаттың апатты құбылыстарның бірі - жер сілкінісі туралы мағұлматтар беру, жер сілкінісі кезіндегі сақтык шараларымен таныстыру.

**Жиналыс барысы:**

Мектеп директорының тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары У.М.Жумабаев оқушыларға табиғи апаттар жайлы қысқаша мәлімет беріп, оның ішінде жер сілкінісі жайында токталып өтті.

**Жер сілкінісі жайлы жадынама:**

Жер сілкінісі - геологияльк құбылыс. Олар кез-келген жерде пайда болуы мүмкін. Жер сікінісінін ошагы жер койнауында калыптасады. Геологиялык ортадағы жылжулар, бірігулер, жарылулар, ортаюлар секілді тез өзгерістер жер сілкінісінің пайда болу себебіне жатады. Жер бетінің шайқалуы сейсмикалык толқындардың натижесінде болады. Сейсмикалық энергияның белі шығаратын жер үсті дүмпуін байқайды. Жер сілкінісінің жер қыртысындағы аймағы жер сілкінісінің ошағы деп аталады.

Гипоцентр - алғашқы сейсмикалық толқынның бастауы болған ошактың негізгі нуктесі.

Эпицентр - бұл гипоцентрдің тікелей үстіндегі жер кабатының негізгі нүктесі.

Жер сілкінісі - дүлей зілзаланың ен жойқындағыш түрі. Ол экономикалық шығын бойынша, сондай-ақ жарақаттанып және қаза тапқандар саны бойынша бірінші орынды алады.

Жыл сайын дүние жүзінде 100 000 жер сілкінісі болады, олардың көбісі әлсіз, оларды тек сейсмографтар құралы арқылы ғана байқауға болады.

Жер сілкінісі кезіндегі әрекеттер мына төмендегіше:

Жер сілкінген сәтте сіздің ой-әрекетіңіз бен іс-қимылыңызға 5-10 секунд қана уақытыңыз бар. Осы сәтте үрейге еркіндік беріп, абдырып-сасып қателессеңіз, арты бақытсыздыққа әкелуі ықтимал. Өзіңізді де, өзгелерді де үрейлендірмеңіз. Сілкініс кезінде далаға жүгіріп шығуда немесе жер сілкінісінің яғни үйдің ішінде кетуді пәтердің қай қабатта орналасуына байланысты шешуге тиіссіз. Егер сіз көп қабатты үйдің бірінші немесе екінші қабатында тұратын болсаңыз, далаға шығуға мүмкіндігіңіз бар. Далаға қашып шыққаннан кейін үйден аулақ тұрған жөн. Үшінші және одан жоғары қабаттардан қашып шығу қауіпті екенін естен шығармаңыз.

Қауіпсіз жерлер:

Ғимараттың ішінде:

1)Босаға есік жақтауы

2)Ішкі бұрыш

)Мықты қабырға
4)Бел ағаш
5)Ванна, тоңазытқыш
6)Парта,стол,кереует

Далада:
1)Ашық алаң
2)Биік ғимараттардан аулақ болу
3)Биік ағаштардан аулақ болу

Қауіпті жерлер:
1)Терезе жақтағы бұрыш
1)Биік ғимараттар
2)Биік ағаштар
3)Баспалдақ
4)Лифт
5)Жиһаздар
6)Шам жағу қауіпті
7) Соңғы қатардағы шеткі бөлмелер

Далада:
1)Биік ғимараттар
2)Биік ағаштар
3)Электр жүйелері
4)Жер асты өткелі

Өтетін орны: АКТ зал

Өтетін уақыты: 12.10.2023ж

Директордың тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары: М.У.Жумабаев

**«Жас Дарын-3» бастауыш мектебінде өтілген жер сілкінісі және оның сақтық шаралары жайлы ақпараттандыру жиналысының хаттамасы**

№ 7

2023-2024 оқу жылына

**Қатысқандар:**

1. Директордың тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары: М. У. Жумабаев
2. Мектеп әкімшілігінің қызметкерлері
3. Сынып жетекшілер, 1-4 сынып оқушылары

***Күн тәртібіндегі мәселе:*** *Жер сілкінісі кезіндегі сақтық шаралар:*

Ағымдағы жылдың басында әдепкі жоспарға сай «Жас Дарын-3» бастауыш мектебінде табиғи апаттарға байланысты, олардың зардабы және алдын алу сақтану мәселелері бойынша бастауыш сынып оқушыларымен жиналыс өткізілді.

Мектеп директорының тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары У.М.Жумабаев оқушыларға табиғи апаттар жайлы қысқаша мәлімет беріп, оның ішінде жер сілкінісі жайында тоқталып өтті. Жыл сайын дүние жүзінде 100 000 жер сілкінісі болады, олардың көбісі әлсіз, оларды тек сейсмографтар құралы арқылы ғана байқауға болады. Жиналыс барысында «Жер сілкінісі дабылы», «Жер сілкінісі кезіндегі әрекет», «Қорғаныс құралдары» секілді маңызды мәселелер талқыға түсті.

## ШЕШІМ ЕТІЛДІ:

Жиналыс нәтижесінде оқушылардың барлығы жер сілкінісі кезінде қалай қорғану керектігін нақтылап сапалы ой түйді. Мектеп әкімшілігі тарапынан 2023-2024 оқу жылында әр тоқсан сайын қауіпсіздік шараларының алдын алу және жер сілкінісі кезіндегі әрекеттерді тексеру мақсатында дабыл қағылатыны шешім етілді.

Директордың тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары: М.У.Жумабаев

Ұйымдастырушы педагог: С.Ж.Жайырбек




4/4



